

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 228 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1401 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 228 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтағы «849925000 (сегіз жүз қырық тоғыз миллион тоғыз жүз жиырма бес мың)» деген сөздер «847530000 (сегіз жүз қырық жеті миллион бес жүз отыз мың)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*